

Райымбек ауданы бойынша 1993 жылы туылған азаматтарды әскерге шақыру учаскесінде тіркеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің 2009 жылғы 30 желтоқсандағы N 12-32 шешімі. Алматы облысы Райымбек ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 9 ақпанда N 2-15-78 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің 2011 жылғы 20 қаңтардағы N 1-02 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Райымбек ауданы әкімінің 20.01.2011 N 1-02 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының, Қазақстан Республикасындағы «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 33-бабының 1 тармағының 13 тармақшасы, Қазақстан Республикасының «Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы» Заңының 17-бабына сәйкес аудан әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. 2010 жылғы қаңтар-наурыз айларында 1993 жылы туылған, сонымен қатар алдыңғы тіркеуден өтпей қалған жастары үлкен азаматтарды шақыру учаскелеріне есепке алуды жүргізісін.

2. Селолық, поселкелік округтер әкімдері:

1) 2009 жылдың 31 желтоқсанына дейін белгіленген нысан бойынша аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне 1993 жылы туылған жасөспірімдердің тізімдерін тапсырсын;

2) 1993 жылы туылған, сондай-ақ түрлі себептермен шақыру учаскесінде бұрын тізімге алынбаған жасы ұлғайған азаматтарды дер кезінде толық және ұйымшылдықпен тізімге алуды қамтамасыз етсін;

3) тізімдердің дұрыстығын тексеруде (Ф-1) қорғаныс істер жөніндегі бөлімге нақты көмек көрсете отырып, денсаулық жағдайына қарамастан 1993 жылы туылған азаматтардың барлығының тізімге алынуын, шақыру учаскесінде олардың тізімделінуінің нақты өткізілуін қатаң бақылауға алсын;

3. Аудандық орталық ауруханасы мемлекеттік қазыналық кәсіпорынының бас дәрігері Тилемисов Бақыт Даукенұлына (келісім бойынша):

1) тізімге алынғанға дейін 1993 жылы туылған барлық жасөспірімдердің кеуде қуысы органдарын флюорографиялық тексеруден өткізуді, эритроциттердің тыну жылдамдығын, гемоглобинді, лейкоциттерді анықтай отырып, қандарын

сараптауды, зердегі белок құрамын анықтау, электрокардиограммасын, сондай-ақ резустың оң және терістігін анықтауды жүргізің;

2) 2010 жылдың 5 қаңтарын дейін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне науқастың Ф-25 нысандағы амбулаториялық картасы мен Ф-25 қосымшасын, туберкулез, жүйке аурулары диспансерлерінде және жасөспірімдер т і з і м і н б е р с і н ;

3) шақырылушылар арасындағы емдеу-сауықтыру жұмыстары тізімге алу кезінде басталынсын, хирургиялық және тонзилооктомиялық қажеттілік жағдайында 2010 жылдың мамыр айында аяқталынсын;

4. Зейнетақы төлеу жөніндегі орталығының Алматы облыстық филиалының Райымбек аудандық бөлімшесінің бастығы Тұмабаев Ақжол Мұқатайұлына (к е л і с і м б о й ы н ш а) :

1) аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне мүгедек деп танылған 1993 жылы туылған жастар туралы мәліметтер тапсырсын;

5. Аудандық ішкі істер бөлімінің бастығы Оңғаров Болат Кеңесұлына (к е л і с і м і б о й ы н ш а) :

1) тізімге алу алдында қорғаныс істер жөніндегі бөліміне 1993 жылы туылған азаматтар арасында әкімшілік жауапкершілікке тартылған, бас еркінен айырылған және тіркеудегі, нашақорлыққа салынғандардың тізімін берсін;

6. Аудандық «Білім беру бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығының міндетін уақытша атқарушы Боранғазиева Светлана Аниятқызына:

1) тіркеуге алу кезінде орта білімі жоқ жастарды анықтау үшін аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөліміне мұғалім-педогогтар бөліп, олардың оқуын ұ й ы м д а с т ы р с ы н ;

2) 1993 жылы туылған жастар арасында әскери оқу орындарына түсетін кандидаттарды іріктеп алу жұмыстарын жүргізің;

3) тіркелген бозбалалардың шынығу дайындығы деңгейін анықтау үшін оқу орындарында сынақтан өткізу ұйымдастырсын;

4) тіркеу кезінде спорттың әскери қолданбалы түрлерінен шаралар өткізу ж а н д а н д ы р ы л с ы н ;

7. Аудандық «Қорғаныс істері жөніндегі бөлімі» мемлекеттік мекемесінің бастығы Әбілғазиев Нұрдаулет Пазылжанұлына (келісім бойынша:

1) атқарылған жұмыстары туралы 2010 жылдың 5 сәуіріне аудан әкіміне х а б а р л а м а б е р с і н ;

8. Осы шешімнің орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қуанышев Ерлік Қуанышұлына жүктелінсін.

9. Осы шешім алғаш рет ресми жарияланған күннен бастап он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Аудан әкімі

Айтжанов А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК